

"Атыраукұрылысинвест" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 маусым N 793

"Атыраукұрылысинвест" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Атырау облысы әкімінің "Атыраукұрылысинвест" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мүліктік кешен ретінде Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Атырау облысының әкімімен келісім бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды республикалық меншіктен коммуналдық меншікке қабылдау-беру жөніндегі

қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Атырау облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.